

"Қорғас - Шығыс қақпасы" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 қарашадағы № 187 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 89 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 қарашадағы № 187 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов

«Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 қарашадағы № 187 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 қарашадағы № 187 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 4, 74-құжат) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

1) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде:
1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі – АЭА) қоса беріліп отырған жоспарға сәйкес шекарада Алматы облысының аумағында о р н а л а с қ а н .

АЭА логистикалық арнайы экономикалық аймақ болып табылады.

АЭА-ның аумағы 4591,5 гектарды құрайды және Қазақстан Республикасы аумағының ажырамас бөлігі болып табылады.»;

4-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес қойма және әкімшілік ғимараттарын салу б о л ы п т а б ы л а д ы . » ;

2) көрсетілген Ережеге қосымша осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н .

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

«Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағының ЖОСПАРЫ



Р/с №	Негізгі аймақтардың атаулары	Ауданы, га
1.	«Құрғақ порт» көлік-логистикалық кешені	294,00
2.	Логистикалық аймақ	189,40
3.	Индустриялық аймақ	230,40

4.	Резервтік аумақ	3 877,70
Жиыны:		4 591,5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК